

Литература:

1. Артемьев Т.И. Развитие личности и ее способностей / Т.И. Артемьев. - М., 2005.
2. Азарова Л.Н. Как развивать творческую индивидуальность младших школьников / Л.Н. Азарова. – М., 2008.
3. Матюшкин А.М. Мышление, обучение, творчество: избранные психические / А.М. Матюшкин. – М.: МПСИ, 2003.
4. Никитин Б.П. Ступеньки творчества или развивающие игры: учеб. пособие. -/Б.П. Никитин.- М.: Просвещение, 2009.

Жапабаева А.С.
«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

Аннотация. Мақалада жанартылған білім мазмұнының негізінде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Оның дәстүрлі білім жүйесінен өзіндік жаңалығы көрсетілді. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы танытылды.

Кілт сөздер: сауаттылық, құндылық, тұлға, ұлттық, білім, жанартылған, функционалды.

Заманауи мектептің маңызды міндеттерінің бірі - функционалды сауатты адамдар қалыптастыру. Оқу сауаттылығы - оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Бүгінгі күні оқу сауаттылығын дамытуда оқытудың тиімді түрлі тәсілінің маңызы өте зор болып отыр (1-сурет).



1-сурет. Оқу сауаттылығын дамытуда оқытудың тиімді түрлері.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың осындай түрлерін пайдалану- тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқыту процесінде функционалды сауаттылыққа әр түрлі жолдармен қол жеткізуге болады.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік ойлауын дамыту олардың алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағытүрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтанжәне достарынан алған білімдерімен астастыра жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы теорияға негізделген тәсіл кең тараған. Сын тұрғысынан ойлау-Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы оймен қабылдауды көздейді. Сын тұрғысынан ойлау- бақылау, тәжірибе толғану, ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады. Жалпы сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда топтық жұмыстың маңыздылығы зор деп білемін.Білім алушы бойына оқу (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым), ойлау (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау), шығармашылық ойлау, логикалық ойлау, сыни ойлау, алгоритмдік ойлау, проблемалық ойлау, технологиялық ойлау, тілдік құзіреттілік, оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы құзіреттіліктерін қалыптастыру — жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында екенін ескерілуі қажет.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдік құрылымдар мен әдеби мәтін бір жағынан қарым-қатынас құралы және үйренуі объектісі болып табылады.Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында күнделікті сабағымда топтық жұмысты жүргізіп отырамын. Ынтымақтастықта топтағы бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Ынтымақтастықта оқу тәсілі- проблемаларды шешу,тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Бірлескен жұмыста оқушылар ақпаратты өздері игеріп, бұрынғы алған білімдерімен байланыстыра алады.Топтағы оқушылар топтың әр мүшесінің көзқарасымен танысудан қажеттілікке ие болады. [1, б.9].

Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі . Себебі,олар түрлі көзқарасты тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Қазақ тілі сабағында мәтінмен жұмыста оқушылар тек мәтіннің мазмұнын біліп қана қоймай, мәтіннен қажетті ақпараттарды табу, жіктеу, мәтіннен ой тую сынды тапсырмаларды орындайды. Мәтін бойынша өздерінің пікірлерін қосады. Автордың ойымен өзінің ойын салыстырады. Сабағымда қолданылатын әдістерге тоқтала кетсем, «екі түрлі түсініктеме күнделігі» оқушылар мәтінді оқу барысында олар бөліктің оң жағына әсер еткен тұстар, үзінділерді жазады. Сол жағына әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады. Әр оқушы мәтінмен танысып, күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. [2, б.39].

Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарына жауапалады. Ол сұрақтар баға беру,өз пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталып қойылғаны дұрыс. Мысалы: Сіздің ойыңызда не сақталып қалды? Автор оқырманды қалай қызықтырады? Кейіпкерлердің іс-әрекетін қалай бағалайсыз? Сіз осы кейіпкерге ұқсайсыз ба? Қай жағынан ұқсайсыз? Осындай кейіпкерлерден қандай үлгі алуға болады? Сіз осы кейіпкерге қандай ақыл айтасыз? т.б Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады жәнеоқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оқуының жақсаруына көмегін тигізеді.Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер сұрақтардың екі түрін: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтарды кең қолданылады деген пікір бар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес сұрақтар» деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған , берілген жауап «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп бағаланады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу,қайта бағыттау сияқты әртүрлі тәсілдерін пайдалануға болады . [4, б23].

Мысалы 7-сыныпта «Қазтуған жыраудың қонысымен қоштасуы» тақырыбы бойынша мынадай тапсырмаларды беруге болады.

Сұрақтар: Қандай әсер алдыңдар?Толғау не туралы? Неге зарлы? Көз алдыңызға не елестеді?

2 Жинақтау «Минуттық шешім» Оқушылар сабақ кезіндегі аса маңызды тармақтарды пайдалы тұстарын жазады. Қазтуған жырау толғауларына қатыстырып, «XXI ғасыр жырауларының негізгі тақырыбы не болар еді?» тақырыбына байланысты өзіндік ой - пікіріңізді білдіріңіз. Форма –хат . [3, б.25].

Тақырып - қазақ жастарыныңболашағы. Оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін мәтінмен жұмыста төмендегідей әдіс - тәсілдерді қолданамын.

1. Мәтін, ертегіні, әңгімені өз ойларымен аяқтау. Мысалы; Ә.Тәжібаев «Толағай» әдеби ертегісін өткенде сыныпты 4 топқа бөлемін.

1-топ.Ертегіні өзге топтарға баяндап береді.

2-топ .Ертегі бойынша тезис жазады.

3-топ «Керкұла атты Кендебай» ертегісі мен «Толағай» ертегісін салыстырады».

4-топ «Толағай» ертегісін «Егерде мен жазушы болсам..» айдарымен басқаша мазмұнда аяқтайды.

2. Ақын, жазушылардың мәтіндерін басқаша аяқтау .

3. Белгілі мақал негізінде әңгіме жазғызу.

4. Мәтін бойынша мақал құрастыру.

5. Табиғат құбылыстарына, заттарға жұмбақтар құрастыру. Мысалы: : Өзі жас, мұртты ,сүтті ұрлап ішті. /мысық/ Әр үйде белін бұған бір пысық бар. / сыпыртқы/ 6. Әңгімелерді салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу. 7. Шығарма, мәтін құрастыру. Тақырып бойынша. Жоспар бойынша Тірек сөздер арқылы өлең құрастыру. Дайын өлең жолдарын бір, екі жолын беру арқылы. Дайын ұйқастарды ұсыну арқылы. 9. Шығармадағы әңгімеге ұқсас оқиғалар айтқызу. 10. Көлемі ұзақ шығармаларды жоспар құру арқылы қысқартып әңгімелету. 11. Кейіпкерлерге мінездеме бергізу. 12. Шығарма бойынша сурет салғызу, ауызша суреттеу, қиялдау арқылы суреттеу. 13. Рөлге бөліп оқыту. 14. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешкізу (анаграмма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар т. б.) 15. Қайталау сабақтарында, оқыған мәтіндері бойынша өз беттерінше тест тапсырмаларын құрастыру. 16. Белгілі ақын, жазушы шығармасына еліктеп өлең, әңгіме, ертегілер жазғызу .

Қазіргі оқыту үдерісінде оқушылардың сыни ойлауын дамытуда қай пәннен болмасын БЛУМ таксономиясын қолданған тиімді деп ойлаймын. БЛУМ таксономиясы бойынша категориялар мазмұны, сұрақтар мен тапсырмалар түрлері:

1.Білу: оқушы нақты фактілерді біледі, жұмыстың орындалу ретін біледі, негізгі ұғымдарды біледі, анықтамалар мен ережелерді біледі. Білу кезеңінде қазақ тілі нәнінде зат есім дегеніміз не, бастауыш дегеніміз не яғни нақты анықтамасын, ережесін біледі.

2.Түсіну: түсіну кезеңінде осы өздері білген ережелерді өз сөздерімен түсіндіреді, топ мүшелерінің арасында түсіндіреді немесе сыныптың алдында түсіндіреді. Оқушының осылай күнделікті сабақта топтың алдына шығып немесе күнделікті сабақта өз ойын айтудан өзіне деген сенімі артады.

3.Қолдану: Қолдануда осы өткен ережелерді қолданып сөйлемдер жаздыруға болады,әңгіме жаздыруға болады.

4.Талдау :Талдау кезеңінде оқушылар сол күнгі сабақтан алынған мәліметтерді салыстырады, талдайды. [3, б.98].

5.Жинақтау:таным мен ойлау жоғарғы деңгей. Бұл бөлімде оқушы шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма жазады, тәжірибе жасаудың өзіндік жұмысын ұсынады. Алынған мәліметтер бойынша кесте құруы мүмкін.

6.Бағалау: таным мен ойлауы-ең жоғарғы деңгей. Оқу материалының маңызын анықтап, өз пікірін келтіреді,ойын білдіреді. Өмірлік қолданыста маңызды рөл атқаратын Блум жүйесін күнделікті сабағымда қолданамын. Блумның анализ,синтез,бағалау тараулары арқылы кез келген тақырыпта сұрыптау жасап, пайдалы-пайдасыз жақтарын анықтап,баға бере алатын жеке тұлғаны дайындау біздің міндетіміз.[2, б.41].

Сонымен бірге оқушылардың теориялық білімдерін дамыту мақсатында Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясының тиімді жақтарын айтқым келеді.

1. Оқушыларға теориялық білім береді

2. ҰБТ-ке оқушы дайын болады

3. Тілін дамытады

4. Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйретеді

5. Ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастырады.

6. Оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылыққа негізделіп отырған жаңартылған білім мазмұны оқушыға әр түрлі білік дағдыларын қалыптастырып, ақыл-ой қабілетін жан -жақты дамытуды мақсат етеді. Осы орайда, білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп, оны қайталаумен шектелмей, оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар беріп, өзін және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы: Атамұра, 1982. - 204 б.
3. Құрман Н, Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. - Ақтөбе, 2010. - 144 б.
4. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. - Астана: Таным, 2008. - 162 б
5. Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі // - 2 ақпан 2004. -№2

Жетписбаева Р.И., Тусенова Ж.Б., Даулетбаева Ж.Т.
«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

Аннотация. Мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Бүгінгі өзгермелі қоғамда оқытушы білім алушыға тек қана ғылым негіздерін оқытып қана қоймауы тиіс. Осы тұрғыда оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері, «функционалдық сауаттылық» ұғымы, оның даму тарихы зерттелді. Отандық және шетелдік ғалымдардың функционалдық сауаттылыққа қатысты еңбектері жүйеленіп, сараланды. Жаңартылған білім мазмұнының өзіндік ерекшелігі айқындалды. Оның дәстүрлі білім жүйесінен өзіндік жаңалығы көрсетілді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы. «Адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» және білім беру сапасын жақсарту. Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасатыны көрсетілді. Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады: баланы оқуға, жазуға үйрету баланы ойлауға, дұрыс шешім қабылдауға, баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Кілт сөздер: функционалдық, функционалды сауатты, Қазақстан, дамыту.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған елу елдің қатарында терезесін тең ететін ол әрине-білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі, білім беру жүйесінің функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру мәселесін алға қойып отыр. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.

Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Сондай-ақ оқушының жеке тұлғажәне әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея, т.б) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай фактор әсер етеді: